



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ
С.ҚИРАБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

«Бекітемін»
Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми Кеңесінің
отырысы
Ғылыми Кеңес төрағасы
Ректор Т.О. Балықбаев
Хаттама № 2 «28» 08 2017



ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
6М021400- Әдебиеттану
Түсу жылы: 2017/2018 оқу жылы

Авторы: Қабатай Б.Т.- п.ғ.к., доцент

Алматы
2017

Мамандық 6М021400 – Әдебиеттану

Академиялық дәрежесі – 6М021400 – Әдебиеттану мамандығы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі
1 курс 3 ж.

№ п/п	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Негізгі бөлімдер	К р. са н ы	С е м.	Пререкви зиттері	Постреквизиттер і	Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелері (білім алушылардың білімі, біліктілігі, дағдысы және құзыреттіліктері)
I курс								
1	Фольклор теориясы	«Фольклор теориясы»- жоғарғы оқу орындарында халықтың ауызша сөз өнерін зерттейтін ғылым саласы ретінде фольклор тарихын, теориясын, жанрлық түрлеріне тән ерекшеліктерін жан-жақты талдап түсіндіретін пән болып табылады.	Бірінші бөлімде- фольклортану ғылымы туралы түсінік және оны тарихи зерттеу принциптері, әлемдік фольклортану ғылымындағы теориялық бағыттар мен мектептер, тарихи поэтика мәселелері, екінші бөлімде- қазақ фольклорының қалыптасу және даму кезеңдері ал үшінші бөлімінде- фольклорлық жанрлардың теориясы мәселелері қамтылады.	2	1	Ауыз әдебиеті, Әдебиеттануға кіріспе Ежелгі дәуір әдебиеті	Әдебиет теориясы, Әдеби сын тарихы Қазақ әдебиетінің тарихы.	-Фольклордың көп қырлы бітімі мен синкреттілігін; -фольклордың халықтық сипатын; -фольклор мен жазба әдебиеттің айырмашылықтарын; -фольклордың өзгермелілігін; -фольклордың құрылымдық-типологиялық, жүйелі талдау, кешенді-тұтастық зерттеу әдістерін; -Фольклордың көркемдік-идеялық және тегіне қарай бөліну принциптерін; -фольклор жанрларының дамуындағы ортақ процестерді; -фольклор шығармаларындағы эпикалық, лирикалық, драмалық белгілерді танып-білуді

								міндеттейді.
2	Әдебиеттанудағы жаңа бағыттар	Ұлттық әдебиетіміздің даму, қалыптасу ерекшеліктері. Натурализм, позитивизм. Модернизм, экспрессионизм, символизм, футуризм, сюррерализм, абстракционизм, т.б. тенденциялар. Модернистік дүниетанымы. Дәстүр мен жаңашылдық ажырамас бірлігі. Дәстүр жалғастығы – аралық буын. Жаңашылдық-талант пен шеберліктің жемісі.	Модернистік дүниетанымы Дәстүр мен жаңашылдық ажырамас бірлігі			Әдебиет теориясы Қазіргі әдеби процесс	Модернистік бағыт Неореализм	Білім алушылар модернизм, экспрессионизм, символизм, футуризм, сюррерализм, абстракционизм, т.б. тенденциялар туралы біледі. Қаламгердің модернистік дүниетанымын таниды. Дәстүр мен жаңашылдық бірлігіне мысалдар келтіреді
3	Қазақ әдебиетіндегі символизм	XX ғасыр басындағы қазақ және орыс халықтары әдеби байланыстарының даму барысын айқындау және алмасу тұрғысында байқалған жекелеген қаламгерлер шығармашылықтарындағы әсер-ықпал көріністерін бағамдау, қазақ әдебиетіндегі символизмге жан-жақты сипаттама беру. Сөйтіп төл сөз өнеріміздің тақырыптық, жанрлық және көркемдік деңгейін анықтау. Пәннің міндеті – магистранттардың арнайы дайындығының теориялық және тәжірибелік базасын құру болып табылады. Сондай-ақ, олардың бүтіндей әдеби-эстетикалық түсінігін қалыптастыра отырып, меңгерген білімін әдебиеттанулық ізденістері кезінде және ұлттық әдебиеттің құрылысын зерттеу тұсында қолдануға	Символизмнің тууы мен қалыптасуы. XX ғасыр басындағы әдеби байланыс мәселелері. Орыс әдебиетіндегі символизм. Мағжан символизмі. Акын Символизмнің әлем әдебиетіндегі көркемдік қызметі имвол.	2	1	Шетел әдебиеті Қазіргі әдеби процесс	Әдебиет теориясы Әдеби сын тарихы	Қазақ әдебиетінің бүгінгі даму беталысы; Қаламгерлердің шығармашылық ерекшелігін; Символистердің қарым-қатынастары мен әрекеттері; Символистердің шығармаларындағы білім; Шығармалардағы символдық жазу ерекшеліктері мен әнберу; Қазақ әдебиетінің шетел әдебиетімен символикалық ұстаным, ерекшеліктеріне байланысты талдау.

		үйрету.						
4	Көркем бейне, стиль, әдіс	Ғылым және әдебиет. Әдебиеттің образдық табиғаты. Әсерлілік. Дүние тану тәсілдері. Образ түрлері. Көрнекілік бейнелердің ғылым мен көркем публицистикадағы орны. Дәлдік пен эмоция. Деректік бейнелер. Көркем бейнеге тән типтендіру әдісі, өмір құбылыстарын қайта сомдау. Көркем образ және таңба. Қиялдау. Шарттылық пен шынайылық. Әдебиеттегі көркем бейнелердің заттық сипаттан адалығы мен бейзаттығы.	Әдебиеттің образдық, әсерлілік табиғаты. Образ түрлері. Дәлдік пен эмоция. Деректік бейнелер. Көркем бейнеге тән типтендіру әдісі, өмір құбылыстарын қайта сомдау. Уақыт пен кеңістіктің әдеби шығармаларда берілуі.			Прозалық шығармаларды талдау Лирика поэтикасы	Стиль теориясы	Білім алушылар сөздің бейнелік қызметі туралы біледі. Сөздік бейнелердің көзге көрінбеуі. Елес. Сезім. Қиял. Әдебиет пен басқа өнер түрлерінің байланысы және өзгешеліктері туралы пікірлерін білдіреді және ғылыми жұмыстарында пайдаланады.
5	Әдеби байланыс мәселелері	Қазақ әдебиеті тарихындағы әдеби байланыстардың қалыптасу, даму үдерісі туралы толық мәлімет беру Әдеби байланыстардың бастауымен, әдеби үдерістегі көркем шығармаларға тигізген әсерімен таныстыру, сондай-ақ, қазіргі әдебиеттану дамуының жалпы көрінісінен хабардар ету, әдебиеттегі қазіргі әдеби байланыстар бағыттарынан мәлімет беру, осы білімдерін көркем шығарманы талдауда нақты басшылыққа ала білуге үйрету.	Әдеби байланыстардың бастауы. Шығыс – түркі әдеби байланыстар негізі Ежелгі түркі поэзиясы мен қазақ әдебиеті Шоқан, Абай, Ыбырай шығармашылығы және әдеби байланыстар М.Әуезов және әдеби байланыстар	2	1	Әдебиет теориясы Әдебиеттің өзекті мәселелері	Көркем образ және образдылық Әдеби мектептер	- әрбір көркем мәтінді оқығанда ұлттық бояуын өзге әдебиеттермен салыстыра отырып ерекшелігін; - Батыс пен Шығыс әдебиеті байланысын, олардың бір-біріне тигізген әсерін; - қазақ әдебиетінің түркі халықтары әдебиетімен үндестігін; - әдебиеттанудың әрбір кезеңге сәйкес ғылыми ойлаудың өзіндік мазмұны мен стилін қалыптастырып, іргелі категориялар мен жетекші ұғымдар, негізгі әдістер мен әмбебап қағидаттардан құралатындығын оқып-үйренеді.

6	Миф теориясы мен мифтік поэтика	Қазақ әдебиеттануындағы ағымдар туралы теориялық білімдермен қаруландыру. Миологиялық шығармалаға талдау жасау	XX ғасырдың басындағы белгілі теориялық ағымдар Структурализм, формализм ағымдары. Қазіргі миф, символ, метафора жайлы жайлы теориялар.			Әдебиет теориясы Қазіргі қазақ әдебиеті Қазіргі әдеби процесс	Көркем бейне теориясы Қазіргі салыстырмалы әдебиеттанудың мәселелері	Әдебиеттану ғылымындағы миф теориясымен танысады, мифологиялық шығармаларды талдайды.
7	Әдебиеттанудағы мектептер	Қазақ, орыс және шетел әдебиетінің қазіргі тарихымен байланысты әдебиеттану мектептері мен бағыттарымен танысу, білім жүйесін қалыптастыру. Жас мамандарға қазіргі әдебиеттану дамуының жалпы көрінісінен хабардар ету, әдебиеттанудың қазіргі мектептері мен бағыттарынан мәлімет беру, осы білімдерін көркем шығарманы талдауда нақты басшылыққа ала білуге үйрету.	Әдебиеттанудағы дәстүрлі және жаңа ізденістер мәселелері. Тарихи - әдеби контекстегі әдебиеттану мектептері, ағымдар мен бағыттар (XIX - XXғғ.) Әдебиеттану ғылымының әдістемелік принциптері. Биографиялық және психологиялық әдебиеттанудың әдістемесі Синкреттік дәстүрлер және оның мектептері. Формальды, құрылымдық - семиотикалық мектептер әдістемесі. Мәдени-тарихи	3	2	Әдебиеттануға кіріспе Әдебиет теориясы Қазіргі әдеби процесс	Көркем бейне теориясы Әдебиеттің тарихилық мәселесі Қазіргі салыстырмалы әдебиеттанудың мәселелері	әдеби құбылыстарды талдай білу және оның жеке поэтикамен қарым – қатынасы мен байланысын сараптай алуы; нақты әдеби материалдарды бақылау барысында өзіндік жалпылау мен қорытындылар жасай білу; қазіргі әдебиеттану терминологиясын пайдалана білу; қазіргі әдебиеттанудағы мектептер мен бағыттарды ажырата білу; магистрант мынадай дағдыларды игеруі қажет: жеке поэтика көзқарасы әбейінша әлемдік әдебиет дамуы мен қызмет етуіндегі маңызды мәселелерге талдау жасай білуі қажет.

			дәстүрлер мектебі.					
8	Әдеби процестегі көркемдік бағыт	Әдеби процесс. Бұл ұғымның әлемдік ауқымы. Көркемдік даму заңдылықтары. Көркемдік бағыт. Әдіс пен бағытты тудыратын объективті және субъективті факторлар. Көркемдік бағыттардың уақыт жағынан еркіндігі, әртүрлі деңгейде қайталанып отыруы. Көркемдік әдіс.	Әдеби процесс Көркемдік бағыт Стильдік ұстанымдар			Әдебиет теориясы	Стиль теориясы	Әдебиеттану ғылымындағы көркемдік бағыттардың тарихы, даму заңдылықтары туралы біледі. Көркемдік бағытқа қатысты шығармаларға талдау жасайды.
9	Өлең сөздің поэтикасы	Халық поэзиясының тілі өлеңтану жүйесінің көркемдік негізі екендігі бағаланады. Жалпытүркілік поэзия жанрларының кейінгі әдеби дамуға негіз болғандығы тұжырымдалады. Авторлы ауызша поэзияның ұлттық көркемдік негізі жыраулар поэзиясының поэтикасы ғылыми негзделеді. Хакім Абайдың классикалық өлеңсөз мұрасының эстетикалық сипаты бағаланады. Қазақ өлеңінің құрылысы, өлшем өрнектері дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы заңдылығымен қамтылады	Өлең және онң құрылысы. Өлең бунағы мен юын түрлері. Өлең ұйқасы. Өлең сөздің бейнелеу құралдары. Поэзия тілінің қалыптасу, даму жүйесі. Қазақ өлеңінің қалыптасуы мен дамуы мәселелеріне арналған классикалық әдеби зерттеулер жүйесі.	3	2	Көркем антропология және әдеби шығармашылық. Әдеби үдерістегі көркемөнер салалары бірлігі. Көркем мәтінге психологиялық талдау теориясы.	Академиялық шешендік. Ауызша авторлы әдебиет поэтикасы. Роман теориясы.	Өлең теориясының тарихи-поэтикалық негіздері игертіледі. Өлең теориясын зертеушілер еңбектерінің ғылыми-методологиялық негіздері менгертіледі. Классикалық өлеңсөз үлгілері мен кейінгі әдеби үдерістегі шығармашылық сабақтастық айқындалады. Өлең теориясындағы қазіргі жаңа талдаулардың ғылыми-танымдық маңызы ұғындырылады.
10	Қазақ әдебиетіндегі өлең құрылысының ерекшеліктері	«Өлең құрылымының типологиясы» пәнінің мақсаты- өлең сөздің типологиясы туралы зерттеулерді талдау және тәжірибеде қолдану	Өлең сөздің табиғаты Өлең жүйелері Өлең және бүгінгі зерттеулер			Поэзиялық шығармаларды талдау	Лирика поэтикасы	Білім алушылар өлең теориясын біледі, өлеңге құрылымдық талдау жасау әдістемесін меңгереді

11	Көркем образ және образдылық	Әдебиет туралы жалпы түсініктердің бәрінің келіп құйылар арнасы, әдебиет туралы ғылымның ең басты және өзекті мәселесі – образ және образдылық. Бұл мәселені дұрыс таратып түсіну үшін, әуелі, әдебиеттің объектісі - өмір болғанда, предметі – адам екенін ескеруіміз керек. Кітап не туралы жазылған, симфония не туралы, сурет не туралы салынған, қандай сұрақ болсын жауап біреу – адам туралы, адамның әсемдігі, адам рухының керемет күштілігі, оның қасиеттері туралы.	Көркем образ және образдылық. Әдеби бейненің әдіснамалық мәселелері Көркем бейненің танымдық және эстетикалық мәні Тип және типтердіру, тип және прототип арақатынасы, типтік бейне ерекшелігі. Көркем бейне жасаудағы негізгі тәсілдер. Портреттік тәсіл, оның түрлері. Психологиялық портрет сыры. Мінезтану, көркемдік антропология. Кейіпкер және оқырман мәселесі Мінездеу арқылы бейне сомдау.	3	2	Әдебиет теориясы Әдебиет поэтикасы Әдеби талдау	Көркемәдебиеттегі психологизм Әдеби даму заңдылықтары. Бейнелердің түрлері	Пәнді меңгеру арқылы алған білім нәтижелерін магистрант магистрлік диссертациясын жазу барысында немесе ғылыми мақалаларды әзірлегенде пайдалануды, әңгіме жанрына байланысты фундаменталды білімдер жүйесінәңгімеге әдеби-теориялық талдай жасай білу және оның жеке поэтикамен қарым-қатынасы мен байланысын сараптай алу, ғылыми әдебиеттерді сараптай отырып өзіндік жалпылау мен қорытындылар жасай білуді магистрант толық меңгеруі керек.
12	Өртүрлі жанрдағы мәтіндерді әдеби талдау	Әдебиеттегі теориялық поэтика ұғымы туралы айтылған ғылыми ой-тұжырымдар. Жанр сипатымен сабақтастық. Мәселенің тарихи, эстетикалық сипаты.	Эпос, лирика, драманың шығу тегі. Драма түрлері. Жанр жіктемесінің күрделілігі Лирика жанрлары			Әдебиет теориясы Қазіргі қазақ әдебиеті	Көркем шығарманы поэтикалық талдау	Пәнді оқыту барысында магистрант әдебиет теориясын және эстетикалық заңдылықтарын тарихи және құрамдық тұрғыдан толымды түрде меңгеріп шығуы тиіс. Жинақталған білімдер жүйесін әдебиет сабақтарын оқытушылық тәжірибеде өту кезеңдерінде ұтымдылықпен пайдалана алуы тиіс. Ғылыми зерттеу жүргізу мезеттерінде әдебиет теориясының барша қағидалары мен ұстанымдарына сай қорытуға бейімделуі тиіс.

13	Қазақ әдебиетіндегі интермәтіннің мәселелері	Интермәтін» ұғымының ғылыми сипаттамасын айқындау; мәтіндердің құрамындағы интермәтін бірліктерін таныту; көркемдік мәтіндердегі интермәтін түрлері мен қызметтерін анықтау; қазіргі әдебиеттегі интермәтінге қатысты зерттеу еңбектеріне талдау жасату; көркем шығарманың интермәтіндік тұрғыда талдану принциптерін ашу;	Қазіргі әдебиеттегі интермәтіннің мәселелері ; Мәтін поэтикасын зерттеудің қазіргі кезеңі; Көркем мәтінді зерттеудің жалпы филологиялық бағыттары; Көркем шығарма және көркем мәтін Мәтінді ғылыми зерттеу әдістері; Әдеби герменевтика; Герменевтиканың негізгі ұғымдары; Әдеби герменевтикалық әдіс	3	2	Қазақ әдебиетіндегі символизм Әдебиеттанудағы мектептер Өлең сөздің теориясы	Әдеби байланыс мәселелері	«Қазіргі әдебиет интермәтінің мәселелері» курсына оқу нәтижесінде <i>магистрант білуі тиіс</i> : қазіргі әдебиет интермәтінің негізгі ұғымдары мен категорияларын; әдебиеттегі интермәтін теориясының қалыптасуы мен даму тарихын; қазіргі әдебиеттегі интермәтін мәселесінің зерттеу әдістері мен тәсілдерін, ерекшеліктерін ажырата алуы тиіс.
14	Әдебиеттің зерттеу методологиясы	Өнер табиғаты туралы.Әдебиет – сөз өнері.Өнер ғылымы туралы.. Әдебиеттің теориялық мәселелерінің дамуы. Қазақ ұлттық әдебиет теориясы ғылымы туралы	Әдеби процесс. Көркемдік бағыт Стиль теориясы			Әдебиеттанудағы мектептер мен бағыттар Алаш әдебиеті	Өртүрлі жанрдағы мәтіндерді әдеби талдау	Әдебиет туралы теориялық ой-пікірлердің қалыптасу кезеңдерін қазіргі дәуірге дейінгі аралықта толымды жүйелеп, саралау қажет. Дәрістерде әлемдік эстетика тұғырнамалары, әдеби тәжірибелер ұлттық әдебиеттану , көркемдік өнер мысалдарымен өзара ұштастырыла негізделмек.
15	Қазақ әдебиетіндегі психологизм	Психологизм. Адамның ішкі өмірін кестелеу. Қаһарман пішіндемесінің көркемдік қызметі. Тұрақты кескін белгілері. Дәріптей кестелеу.	Жанр сипатымен сабақтастық. Статикалық, динамикалық келбет нышандары. Кейіпкер сөздері. Диалог пен монологтың эстетикалық	3	2	Әдебиеттануға кіріспе Әдебиет тарихы Әдебиет теориясы Әдебиет сынының тарихы	Қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері Қазақ әдебиеттануындағы жаңа бағыттар	Білім алушылар әдебиеттанудағы тың к Теориялар туралы біледі; Психологизм ұғымының қыр-сырын танып біледі. Әдебиеттегі психологизмнің теориясы мен тәжірибесіне талдау жасайды.

			тұрғыдан қажеттілігі. Әр түрлі функционалдық мағыналары. Көркем туындыдағы заттар әлемі. Олардың психологиялық жағдай тудырудағы ролі. Дүние, мүлік, жиһаздың поэтикалық астары, мінез, өмір салтын танытудағы маңызы. Табиғат көріністері. Әдебиеттегі пейзаждың жан-жақты қызметі.					
16	Қазіргі қазақ прозасындағы психологизм	Әдебиет теориясының пән ретіндегі болмысын, эстетикалық ойдың даму кезеңдерін, әдебиет теориясының методологиясын, мектептерін, қазіргі әдебиет теориясындағы ғылыми ағымдарды, қазақ әдебиеті ғылымындағы эстетика мен теория мәселелерін, көркем әдебиеттің табиғатын, автор, кейіпкер, шығарма, шығармашылық әлемін, әдеби тек, жанр, әдеби процесс, стиль мәселелерін, заңдылықтарын даму сипатын, қағидаларын ұғындыру.	Мәселенің тарихи, эстетикалық сипаты. Әлем және шығарма: уақыт пен кеңістік. Сөз бейнелілігінің уақытпен сабақтасуы. Физикалық уақыт, перцептуалдық уақыт, концептуалдық уақыт. Фольклор мен әдебиеттегі уақыт пен кеңістік. Автор уақыты, кейіпкер уақыты, сюжеттік уақыты. Сюжет пен тартыс. Сюжет туралы А.Веселовский, В.Шкловский,			Әдебиеттануға кіріспе Әдебиет тарихы Әдебиет теориясы Әдебиет сынының тарихы	Қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері Қазақ әдебиеттануындағы жаңа бағыттар	Қазіргі қазақ прозасының басты өкілдерінің шығармаларын біледі, Бахтиннің психологизм тұжырымдамасын шығармаларды талдау барысында қолданады.

			Б.Томашевский пікірлері.					
17	Әдеби шығармашылық мәселелері	Дара тұлғалардың көркем ойлау жүйесі мен көркемдік әлемінің қалыптасуы, шығармашылық психологиясы, өмірлік шындықты көркемдік шындыққа ұластырудағы талант қуаты мен құдіреті, тақырыпты таңдау және оны игерудегі даралығы, тілдік жүйесінің бояуы мен байлығы, шығарманың ішкі үндестігі мен дәстүрлік жалғастығы, әр шығарманың жазылу тарихы мен көркем өңделген нұсқаларының арасындағы өзгерістер, оған себепкерлік еткен жағдайлар – қашанда әдебиеттану ғылымының басты ұстанымы ретінде танылады.	Әдебиет және жазушы.Шығармашылық әлем сырлары. Жазушы дүниетанымы. Шығармашылық процесс.Әдебиеттегі шығармашылық тұлғаның даралық сипаты. Жазушы стиліндегі айшықтар	3	3	Қазіргі қазақ әдебиетінің даму үрдісі Қазақ әдебиеті сыны Әдебиет теориясы	Стил теориясы Шешендік өнер негіздері	-Әдебиеттегі автордың шығармашылық шеберлігі теориясын біледі; -Жазушының стиліне, көркем шығарма жазу үстінде қалыптасатын әр жазушының өзіндік мәнері, сөз қолдану тәсілдеріне талдау жасай алады; -жазушылардың тілдік құралды қолдану тәсілдерін анықтайды; -әдебиетші ретінде жеке тұлғалық сапалары дамиды
18	Әдебиет:когнитивті-коммуникативті аспект	Нормативті және жалпы поэтика. Теориялық поэтиканың міндеттері. Тарихи поэтика. Көркем шығармашылық әлемінің дискреттілігі (үзілмелігі). Өлең дәстүрлері (цикл). Прозадағы іліктес туындылар. Фрагмент немесе бөліктің дербес сипаты. Музыкадағы сөз мәтіндері, поэма, өлең,	Таным теориясына кіріспе Танымдық үдерістер мен әдебиет Әдебиеттің			Когнитивтік лингвистиканың зерттелу тарихы Когнитивті лингвистиканың басқа ғылым салаларымен байланысы Когнитизм және	Сөзжасам Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы	Пәнді оқу нәтижесінде магистранттар: - Таным теориясының негіздерін біледі; - Таным мен әдебиеттің ішкі байланысын меңгереді; - Әдебиеттің тілтанымдық негізіне түсіндіре алады.

		әдеби сындағы эпизодтар. Жарияланымдар, ішінара өзгерістер. Форманың үш қыры. Антикалық риторика мен формалистер көзқарасындағы үндестік. Көркем мазмұнға лайық жаңа терминдер, оның синтездік қасиеті. Шығарманың көркемдік әлемі қамтитын аялар: предметтік бейнелеу жүйесі, кейіпкер іс-әрекеті, кейіптемесі, психика құбылыстары, қоршаған болмыс фактілері (заттар, интерьер, табиғат суреттері т.б).	танымдық табиғаты			КОГНИТОЛОГИЯ		
19	Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет	XX ғасырдың 90-жылдары мен қазіргі XXI ғасыр басындағы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі жылдарындағы жаңа әдеби үдеріс толық қамтылады. Кенестік кезеңде назардан тыс қалған тақырыптарға (тәркілеу, аштық, босқыншылық, саяси қуғын-сүргін, Алаш қайраткерлерінің әдеби көркем бейнеленуі, т.б.) арналған поэзиялық, прозалық, драматургиялық туындылар талданады. Романтизм., реализм көркемдік әдістері аясындағы постмодернизм сарынды туындылар бағаланады	Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ поэзиясы; Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы; Тәуелсіз Қазақстан әдебиетіндегі драматургия; Абайтану және туысқан халықтар әдебиеті ;	3	3	Кенес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Қазіргі әдеби процесс. Классикалық әдеби дәстүр.	Әдебиет теориясы. Шетел әдебиетінің тарихы. Қазақ әдеби сынының тарихы.	Білім алушылардың қазіргі әдеби үдеріс жанрлары поэзиясын игеруі жүзеге асырылады; Поэзия, проза, драматургия тындыларының поэтикалық сабақтастығы меңгеріледі; Көркем мәтіндерге поэтикалық-салыстырмалы талдаулар жасауға дағдыланады; Пәнаралық байланыстарға арналған ғылыми-теориялық методология бойынша зерттеулер жүргізуге машықтанады.

20	Қазақ әдебиетіндегі реализм және жаңа реализм	Гуманистік реализм. Антикалық реализм. Орта ғасырлық символизм. Қайта өрлеу дәуірінің реализмі. Баракко, ояну дәуірі. Классицизм қағидалары. Ағартушылық реализм, сентиментализммен байланысы. Романтизм. Сыншыл реализм. Ұлттық әдебиетіміздің даму, қалыптасу ерекшеліктері. Натурализм, позитивизм. Модернизм, экспрессионизм, символизм, футуризм, сюррерализм, абстракционизм, т.б. тенденциялар. Модернистік дүниетанымы. Дәстүр мен жаңашылдық ажырамас бірлігі. Дәстүр жалғастығы – аралық буын. Жаңашылдық-талант пен шеберліктің жемісі. М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы мен Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» романындағы дәстүр мен жаңашылдық.	Гуманистік реализм. Антикалық реализм. Қайта өрлеу дәуірінің реализмі. Баракко, ояну дәуірі. Модернистік дүниетаным Дәстүр мен жаңашылдықтың ажырамас бірлігі.			Әдебиеттану теориясы Әдебиеттанудағы бағыттар	Әдебиет әдісі Көркем шығарманы талдау	Курстың нәтижесінде білім алушылар реализм мен неореализмның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын біледі, реалистік, неореализм бағытында жазылған шығармалардың басты сипаттарын біледі, талдау жасайды.
21	Қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі ментальдік		Таңба және көркем образ. Қаһарман типтері. Архетип және образ. К.Юнгтің сана және ырықсыздық туралы ілімі. Архетип және жеке психиканың даралығы. Архетип түрлері. Сарын ұғымы. А.Веселовский,	3	3	Әдебиет теориясы Қазақ әдебиеті сыны	Қазақ әдебиетіндегі психологизм	Көркем шығарманың тақырыптық-көркемдік, идеялық ерекшелігін аша біледі; Шығарма әлеміне: шығарманың көркемдік әлемі қамтитын аяларын, қаһарман пішіндемесінің көркемдік қызметін, кейіпкер сөздерін, көркем туындағы заттар әлеміне, табиғат көріністеріне әдеби талдау жасайды

			В.Пропп, Е.Мелетинский еңбектеріндегі кейіпкер және көркем образ туралы. М.Әуезовтың «Көксерек», О.Бөкеевтің «Кербұғы», М.Мағауиннің «Шақан шері», А.Алтайдың «Алтайдың алқызыл модағайы», К.Сегізбаевтың «Аюдың өті» шығармаларындағы образ.					
22	Әдебиеттің тарихилығы мәселесі	Әдебиет теориясы мен эстетиканың ерте кезеңдері 2. Көне үнді және шумер елдерінің мәдени ескерткіштері 3. Антикалық дәуір эстетикасындағы бағыттар	Халықшылдық эстетиканың тағылым, талаптары. Ғылыми-сын мұрасы. Ағартушы- демократтардың ғылыми көзқарастары.	2	3	Қазақ әдебиеті тарихы	Әдебиет тарихы	- Уақыт пен кеңістікке, сюжет пен тартысқа, композицияға талдау жасау. Көркем шығарманың тілі мен стиліне талдау жасай білуі тиіс; - Өлеңнің құрылысына талдау жасай білуі керек.
23	Қазақ әдебиетінің этнографиялық сипаты	Әдебиет пен өнердің объективті сипаты. Авторлық субъектінің қатысы. Социализм заманындағы көркем творчество. Әдебиет пен өнердің халықтығы мәселесінің тарихи, эстетикалық ролі. Көркем әдебиеттің объективті болмысындағы ұлттық пен жалпыадамдық қасиеттер диалектикасы. Ұлттық және жалпыхалықтықтың түбірлес табиғаты. Ұлт ұғымын	Әдебиет пен өнердің халықтығы мәселесінің тарихи, эстетикалық ролі. Көркем әдебиеттің ұлттық пен жалпыадамдық қасиеттер диалектикасы. Көркем шығармадағы ұлттық сипат.			Әдебиет теориясы Тіл білімі, әдебиеттанудың өзекті мәселелері	Әдебиеттегі философиялық- әдістемелік мәселелері	Білім алушылар әдебиет пен өнердің халықтығы мәселесінің тарихи, эстетикалық ролі, көркем әдебиеттің объективті болмысындағы ұлттық пен жалпыадамдық қасиеттер диалектикасы, ұлттық және жалпыхалықтықтың түбірлес табиғаты туралы біледі.

		құрайтын шарттар. Тілдік, антропологиялық, территориялық, экономикалық факторлар.						
24	Қазіргі прозаның этномәдени коды	Курсты өту барысында әдебиет теориясы ауқымындағы поэтика, стиль, жанр тәрізді негізгі мәселелермен шектелмей, әдебиеттанудың өзге салалары: әдебиет тарихын зерттеу аялары мен жолдары, историография, библиография пәндерінің мән, сыры, текстология мен әдебиет сынының теориялық, практикалық ерекшеліктерін ашып беру арқылы прозалық шығармалардағы этномәдени код ұғымының сипатын аңарту	Тақырып, объект тандау, эстетикалық талғамдағы тың өрнектер. Бейнелеу жүйесіндегі өмірмен сабақтас детальдар. Тұрмыс-салт, дағды-машық туралы. Ұлттық психика ерекшеліктері. Көркем шығармадағы ұлттық сипат.			Қазіргі әдеби процесс	Қазақ әдебиетіндегі реализм мен жаңа реализм Көркем әдебиеттегі антропология мәселелері	Көркем прозаның этномәдени коды туралы біледі және осы бағытта туындыларға талдау жасайды.
3	Әдебиеттанудың өзекті мәселелері	Әдеби процесс. Бұл ұғымның әлемдік ауқымы. Көркемдік даму заңдылықтары. Көркемдік бағыт. Әдіс пен бағытты тудыратын объективті және субъективті факторлар. Көркемдік бағыттардың уақыт жағынан еркіндігі, әртүрлі деңгейде қайталанып отыруы. Көркемдік әдіс. Көркемдік әдісті анықтаудағы өмір шындығы, жазушы дүниетанымы, көркемдік ойлау жүйесінің маңызы. Негізгі шарт-идеялық-эстетикалық мәселелер бірлігі.	Көркемдік әдістің ойлау типі тұрғысынан жіктелісі: реализм және романтизм. Стиль. Суреткер талантының даралығына хас белгілер. Стиль – көркем форманың қасиеті. Стильдік принциптер. Көркемдік тәжірибе. Дәстүр және жанашылдық			Қазіргі қазақ әдебиетінің даму үрдісі Қазақ әдебиеті сыны Әдебиет теориясы	Стил теориясы Шешендік өнер негіздері	Пәнді меңгеру барысында алған білім нәтижелерін докторант докторлық диссертация жазғанда, ғылыми зерттеуге бағытталған мақалалар жазғанда және әдебиеттану саласында кәсіби қызмет еткенде пайдалана алады. Қазіргі қазақ, орыс және шет ел әдебиеттеріне қатысты әдебиеттану ғылымы жинақталған жүйелі білім беру, шешімі күрделі әдебиеттің теориясы мен тарихына және сынына қатысты әдебиеттанудың өзекті мәселелерімен таныса отырып мәдени құзіреттілігі қалыптасады. Әдебиеттану ғылымының қазіргі даму барысы туралы толық мағлұмат беру және әдеби шығармаларды толық түсіну, қабылдау үшін қазіргі ғылыми әдіснамалық

								принциптерді дұрыс қолдануды үйрету. Алған білімдерін тәжірибеде пайдаланады.
4	Әдебиеттанудағы мектептер	Қазақ, орыс және шетел әдебиетінің қазіргі тарихымен байланысты әдебиеттану мектептері мен бағыттарымен танысу, білім жүйесін қалыптастыру. Жас мамандарға қазіргі әдебиеттану дамуының жалпы көрінісінен хабардар ету, әдебиеттанудың қазіргі мектептері мен бағыттарынан мәлімет беру, осы білімдерін көркем шығарманы талдауда нақты басшылыққа ала білуге үйрету.	Әдебиеттанудағы дәстүрлі және жаңа ізденістер мәселелері. Тарихи - әдеби контекстегі әдебиеттану мектептері, ағымдар мен бағыттар (XIX - XXғғ.) Әдебиеттану ғылымының әдістемелік принциптері. Биографиялық және психологиялық әдебиеттанудың әдістемесі Синкреттік дәстүрлер және оның мектептері. Формальды, құрылымдық - семиотикалық мектептер әдістемесі. Мәдени-тарихи дәстүрлер мектебі.			Әдебиеттануға кіріспе Әдебиет теориясы Қазіргі әдеби процесс	Көркем бейне теориясы Әдебиеттің тарихилық мәселесі Қазіргі салыстырмалы әдебиеттанудың мәселелері	әдеби құбылыстарды талдай білу және оның жеке поэтикамен қарым – қатынасы мен байланысын сараптай алуы; нақты әдеби материалдарды бақылау барысында өзіндік жалпылау мен қорытындылар жасай білу; қазіргі әдебиеттану терминологиясын пайдалана білу; қазіргі әдебиеттанудағы мектептер мен бағыттарды ажырата білу; магистрант мынадай дағдыларды игеруі қажет: жеке поэтика көзқарасы әбейынша әлемдік әдебиет дамуы мен қызмет етуіндегі маңызды мәселелерге талдау жасай білуі қажет.

Кафедра меңгерушісі

Сманов Б.Ө.